

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ
14 қараша, 2025 жыл

Астана, 2025

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

Редакция алқасы: Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР» көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз	3
Құттықтаулар	5

Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде)	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні)	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы және мемлекетшілдік мұрат

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде)	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор	251

3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері және пәнаралық ықпалдастық

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде)	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida)</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері)</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде)</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты</i>	366

әлемге мәшһүр фольклортанушы, айтулы ғалымның фольклор, әдебиет және өнер жайында 300-ге жуық еңбегі жарық көрген.

Жасынан қайырымдылықты сүйетін, парасаттылықты жарық күнге балаған ғалым өз парызын осылай орындап келеді. Бүгінде ұлын ұяға, қызын қияға қондырған отбасында қуаныштар жалғасып жатыр. Энциклопедиялық білімін ғалым тәуелсіз еліміздің баянды болашағына бағыштаған.

Білгенге ғалымның өмірі мен ғылымдағы жеткен жетістіктері жеткілікті. Өмірі өнегелі деген осы болар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Даналардан шыққан сөз. – Алматы: Мектеп, 1987 ж., - 383 б.
2. Сонда.
3. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғалым, 1984 ж., - 272 б.
4. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002 ж., - 584 б.
5. Қасқабасов С. Казахская волшебная сказка. – Алмата, 1972 ж.

ДАНАЛЫҚ

Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗЫ, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

Қазақтың біртуар ғалымы Сейіт Қасқабасовпен сонау тоқсаныншы жылдардың соңғы ширегінен бері таныс-біліс болғаныммен етене араласып, ақыл-кеңесін тыңдау мүмкіндігі 2012 жылы Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасына меңгеруші болып келген кезінен басталды. Жеті жыл табан аудармай қасына шәкірт болып ілестім. Екеуіміз күнде әдебиет, мәдениет, тарих, этнография, фольклортану туралы пікірлесетін едік. Менің мінезім, әңгімелерім Сейіт ағайға ұнап, баласындай еркелетіп жақсы көрді. Үйіміз көрші тұрғандықтан таңда жұмысқа бірге шығамыз, кешке бірге қайтамыз. Ол аздай ағай кешке үйіне шайға шақырады. Ол жерде тағы көл-көсір әңгіме айтамыз. Сейіт ағайдың асыл жары Тамара тәтеміз бізді жаны қалмай күтеді. «Екеуіңнің әңгімелерің таусылмайды» деп күлетін. Сол уақытта Алты Алашқа ардақты академиктің шын мәнінде абыз тұлға, терең таным иесі екеніне көзім жетті. Өзі жүрген жерінде «Менің шәкірттен жолым болған адаммын. Солардың арасында Алматыда Серікқазы (Қорабаев), Астанада Серікзат деген жігіттердің көмегін көп көрдім» деп бізге деген жақсы ниетін айтып жүрді.

Сейіт ағаймен жақын араласқан жеті жылдың ішінде бірнеше рет табан астында жол табатын даналығына куә болдым. Ұмытпасам, 2015 жылы болуы керек. Сол кездегі Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің және Астана қаласының туған күніне орай бір топ жас таланттарды қабылдайтын болды.

Астана қаласының сол кездегі әкімі Иманғали Тасмағанбетов Айтыс ақындары одағынан тізім сұратып, жиырма шақты ақынның ішінен қабылдауға баруға мені таңдап алыпты. Назарбаев университетінен бір жас химик ғалым, «Астана Опера» театрынан бір жас әнші, Олимпиада чемпионы Илья Ильин және ақындардан мен Республика Президентінің алдында сөз сөйлейтін болыппыз.

Тізім анықталған соң Президент әкімшілігі бізді күнде дайындыққа шақыруды бастап кетті. Сөйлейтін сөзіміздің, айтатын әніміздің үтір, нүктесіне дейін тексереді. «Елбасыға барынша мақтау сөздеріңді айтыңдар» дейді. Ондай мақтауларды ақындық орта мен қара өлеңнің қалың жанкүйері қабылдай қоймайтынын білетін мен барынша ортасын алып сөйлеуге дайындалдым. Ол әкімшілік қызметкерлеріне ұнамады. Арасындағы бір дөкейі келді де, «Мен саған сөзді дайындап беремін. Сол мәтінмен сөйлейсің» деп бір-ақ кесті. Ертеңіне ақ паракқа орыс тілінде бір бет сөз жазып әкеліпті. Мазмұнын оқысам асыра мақтау сөзден жүрек айнады. Айтпайын десем, ана басшы тақымдап қоймайды. Мен өзімнің ақын екенімді, ақындарға мұндай сөз айтуға болмайтынын ептеп түсіндіргендей болып едім, бірден ашуға мініп шыға келді. «Сіз не, мемлекеттің саясатына қарсысыз ба? Егер қарсы болсаңыз бірден айтыңыз. Қазір ректорыңызға телефон соғамыз!» деп мені біраз ықтырып алды. Ары-бері уәж айтып етіп одан сайын өршеленіп кетті. Түсінбейтінін білген соң Ақорданың ішінде онымен тәжікелесіп тұруды артық санадым да, «жарайды, көрейін» деп көнгендей кейіп танытып кетіп қалдым.

Үлкен үйден мойныма су құйылғандай еңсем түсіп шықтым. «Былай тартсаң өгіз өледі, былай тартсаң арба сынады» дегеннің кебін киіп, тығырықтан шығудың амалын іздей бастадым. Бір жігіттерге хабарласып едім, «Сейіт ағайдан сұрағаның дұрыс» деді. Ағаймен бұрын ондай тақырыпта сөйлеспеген соң ыңғайсыздау секілді көрінді. Бірақ басқа амал жоқ.

Кешке ақыл сұрауға Сейіт ағайға бардым. Барлық жағдайды тәптіштеп сұрап, асықпай байыппен тыңдап алды да, «Серікзат, бұл оңай шаруа емес» деп басын шайқады.

Сосын ойланып отырды да, «Есінде болсын, үлкен билік – үлкен машина. Ол саған айтқанын қалай да істетеді. Оның үстіне саған тапсырма беріп отырған жігітті жақсы білемін. Ондай «ұр да жық» мінезді шенеуніктер ешкімді аямайды. Сені көндірудің барлық айла-тәсілдерін қолданады. Амал жоқ, айтқанын істейсің. Бірақ сен мақтағанда өтірік айтпа, тек шындықты айт» деді. «Шындықты қалай айтамын сонда?» дедім танданған кейіппен. «Назарбаевтың жасаған жақсы істері бар ғой. Соларды айт. Тек асыра мақтама. Мына бес тарихи оқиғаның басында сіз тұрсыз де. Біріншіден, дүниежүзі қазақтарының басын қосатын қауымдастық құрдыңыз, екіншіден, еліміздің шекарасын құжатпен шегендедіңіз, үшіншіден, қиын шақта Астанананы Арқаға көшірдіңіз, төртіншіден, Біріккен ұлттар ұйымының төрінде қазақша сөйледіңіз, бесіншіден, түркі халықтарының ынтымақтастығына ұйытқы болдыңыз де. Бұның барлығы шындық. Осы жұмыстардың атқарылуына Президенттің еңбегі зор. Солай сөйлесең саған ешкім ештеңе демейді» деді. Шындығында, осы сөзді айтқанымда арыстандай ақырған әкімшілік қызметкері ләм деп ештеңе айтпады.

Тағы бірде Сейіт ағай екеуміз кешке жұмыстан үйге қайтқалы отырғанбыз. Ұялы телефоным шыр ете қалды. Көтерсем «Айқын» газетінің тілшісі Гүлзина Бектас екен. «Секе, сен кейінгі жаңалықтарды оқып отырсың ба? Министрлік қазақ тілі мен әдебиет пәндерін біріктіріп бір оқулық жазғалы жатыр екен. Түбінде екеуі бір пән болатын сияқты. Соған Айгүл Ісімақова бастаған филолог ғалымдар қарсы болып, дабыл қағып жатыр. Соған сенен пікір алып газетке берейін деп едім» деді. Қасымда отырған Сейіт ағай телефондағы әңгімемді тыңдап отырса керек, «не талқылап жатырсындар?» деп сұрады. Мен жағдайды баяндадым. «Ахмет Байтұрсынұлының кезінен бері екі бөлек пән болып келе жатқанды біріктіреміз деп не былықтырып отыр өздері? Журналистке айт. Мен де пікір беремін» деп ашуланған кейіп танытты.

Содан ертеңінде «Айқын» газетінің бірінші бетіне екеуміздің қарсы пікіріміз жарқ ете қалды. Дер кезінде баспасөз арқылы тойтарыс бергенімізге риза болып біз жүрміз. Бір күннен соң таң атпай Сейіт ағай «екеумізді сағат онға ректор шақырып жатыр» деп телефон соқты. Кешегі берген сұхбатымыз естен шығып кеткен. «Ректор шақырса бір жақсылық бар болды ғой» деп мен өзімше мәзбін. Онға он бес минут қалғанда екеуміз ентелеп ректордың қабылдауына барып тұрдық.

Ерлан Бәтташұлы бізді өте жылы қарсы алды. Сейіт ағайдың жағдайын сұрап, екеуі біраз әңгімелесті. Арасында ректор маған қарап «не бүлдіріп жүрсіндер» деп ақырын сұрап қояды. «Ештеңе» деймін түк түсінбей. Бір уақытта мәселені өзі айтты. Сөйтсе, таң атпай министр телефон соғып бізге шара қолдануды тапсырыпты. Мен ректорға жағдайды айтып едім «иә, кәсіби маман ретінде сендердің пікір айтқандарың дұрыс қой. Бірақ бір шеті біздің университетке тиіп кетіп отырған жоқ па?» деді. Министр мырза «Айқынның» бірінші бетіндегі аты-жөніміздің астында «ЕҰУ профессоры», «ЕҰУ доценті» жазылғанынан оқып бізді тауып алыпты. «Айналайындар-ау, сіздерге қашанғы айтамын өздеріңіздің жеке пікірлеріңізге университеттің атын қоспаңыздар деп. Енді маған жұмыс тауып беріп отырсыздар. Түсініктеме жазыңыздар. Мен апарып берейін» деді ректор күліп. «Не істейміз?» дегендей Сейіт ағайға қарадым. «Үйінде Назарбаевтың кітабы жоқ па?» деді. «Баяғыда бір жиында бізге сыйға тартқан төрт томдығы бар болатын». «Соның ішінен Назарбаевтың тіл мен әдебиет туралы қанатты сөздерін теріп ал да екеуміздің атымыздан түсініктеме жаз». Мен ағайдың айтқанын бұлжытпай орындап, «министрліктің жүргізгелі отырған реформасы Елбасының мына сөздеріне қайшы. Сондықтан біз мұндай өзгеріске қарсымыз» деп жазып бердім. Кейін Ерлан Бәтташұлынан сұрасақ, «түсініктемелеріңізді апарып бергенмін. Тіс жарып ештеңе айтқан жоқ» деді. Сірә, Елбасының саясатына қарсы болуға министрдің дәті шыдамаған болуы керек.

Сейіт Қасқабасов ағайдың мұндай тапқырлығы мен даналығына талай рет куә болдым. Оның барлығы алдағы уақытта тасқа түсер. Әзірге осы.

Арда туған ағам-ау!
(*Сейіт Қасқабасовты жоқтау*)

Арда туған ағам-ау, абыз кеуде,
Әрбір сөзің татитын аңыз деуге.
Ғылым үшін сарп етіп ғұмырыңды,
Даналықтан өткіздің дән іздеуге.

Қаламменен туғаннан егіз бе едің,
Бар мұрасын халқыңның негіздедің.
Ертегідей еліңнің ертеңі үшін,
Күн жарықта шам алып жоқ іздедің.

Әуезовтей бата алған текті жаннан,
Жампозым-ай жасынан топты жарған!
Ағындатып шабатын хас жүйріктей,
Сізден әттең, жалт етіп өтті жалған!

Көкірегіме сыймай тұр сыздап қайғы,
Қалай жанды бұл қаза мұздатпайды?!
Шын ғалымнан айырған тұлғалымнан,
Қойыны суық қара жер міз бақпайды.

Ұлттың мұңын оздырып мұратыңнан,
Түрен салып жүруші ең сірә, тыңнан.
Ақсақалы азайған бұл қоғамға,
Жетпейді енді дәл сіздей бір ақылман.

Жазар ұрпақ сіз жайлы жоқтау әлі,
Толмай жатса ғылымның көп парағы.
Бір білерім, сіз сүрген сексен бес жыл,
Қасқабасов дәуірі боп қалады.

«Құдық болды инемен қазғаныңыз»,
Сол жолда күйзелген жоқ аз жаныңыз.
Алланың бір сипаты ғылым деуші ед,
Жеткізсін жәннат баққа жазғаныңыз!